

Алтай ауданының қоғамдық кеңесі отырысының
№ 7 хаттамасы

Алтай қаласы

04.09.2024 ж

Сағ. 10-00

Алтай ауданының қоғамдық кеңесінің мүшелері:

Карагужина Р.Р.

Ахметкалиева А.Т.

Гончарова Г.В.

Дузбаева А.Ж.

Комарова А.И.

Коновалова Ю.В.

Мангулова С.К.

Попова Л.В.

Салиенко Н.Ю.

Фаустов Д.Р.

Баяндамашылар:

Канафина Бахытгуль Калибековна – Алтай ауданының білім бөлімі басшысы

Оконешников Игорь Георгиевич – Алтай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының орынбасары

Куттубаева Айгуль Мухтаркановна – Алтай ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары бөлімінің басшысы

Охременко Сергей Владимирович – Алтай қаласының әкімі

Нуркасынова Альмира Шангаевна – Цифрландыру, ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтерді мониторингтеу бөлімінің басшысы

Шақырылғандар:

Гречушникова Л. А. – Алтай ауданының мәслихатының төрағасы.

Күн тәртібі:

1. Алтай ауданының мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарындағы тамақтану сапасы (бақылау қаншалықты жиі жүргізіледі, сынамалар алу, мектеп ұйымдарында бөлек тамақтанатын оқушыларға арналған тамақтану орындарының ұсынылуы).
2. Алтай ауданында 2025–2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындықтың қорытындылары туралы ақпарат.
3. Алтай ауданының елді мекендерінің шекараларын белгілеу және өзгерту бойынша жерге орналастыру жобаларын қарастыру.
4. «2025–2027 жылдарға арналған Алтай қаласының бюджеті туралы».

5. 2025 жылдың 8 айы бойынша Алтай ауданының жергілікті атқарушы органдарында көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы цифрландыру, ақпараттық технологиялар және мониторинг бөлімі есебі.

Сөз сөйледі:

Канафина Бахытгуль Калибековна – Алтай ауданының білім бөлімі басшысы

Оконешников Игорь Георгиевич – Алтай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының орынбасары

Куттубаева Айгуль Мухтаркановна – Алтай ауданының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары бөлімінің басшысы

Охременко Сергей Владимирович – Алтай қаласының әкімі

Нуркасынова Альмира Шангаевна – Цифрландыру, ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтерді мониторингтеу бөлімінің басшысы

Бірінші сұрақ бойынша:

Акулова Н.Т. – Сіз айттыңыз, енді балалар тамақтану үшін код арқылы өтеді дедіңіз, балалар бұны қалай меңгереді?

Канафина Б.К. – Қазір бұл жүйе бірден бухгалтериямен интеграцияланып жатыр. Яғни, бала Face ID арқылы өтіп, деректер базасына оқушы ретінде тіркеледі.

Гречушникова Л.А. – Қазіргі уақытта барлық мектептерге отбасының әлеуметтік картасын енгізу жоспарлануда. Бұл мемлекетке отбасы табысы туралы ақпарат алуға және оларға көмек қажет пе екенін білуге мүмкіндік береді.

Карагужина Р.Р. – Яғни әр балаға жеке база ашылған ба?

Канафина Б.К. – Иә.

Акулова Н.Т. – Ауданда қанша шағын жинақты мектеп бар және ол мектептерде тамақтану қалай ұйымдастырылған?

Канафина Б.К. – Барлық шағын жинақты мектептерде, екі мектептен басқа – бұл Путинцев орта мектебі мен Орлов бастауыш мектебі – мектеп асханалары бар. Сонымен қатар, тоғыз мектепте буфеттік тамақтану ұйымдастырылған.

Екінші сұрақ бойынша:

Салиенко Н.Ю. – Қазір ескертіп жатыр, канализациялық құбырларға тор-ұстағыштар орнатылмайынша жылу қосылмайды дейді, бұл рас па?

Оконешников И.Г. – Бұл ұстағыштар арқылы қай подъезде және қай пәтерде қоқыс унитазға тасталып жатқанын көруге болады. Бұл канализацияға қоқыс түсуінің алдын алуға көмектеседі.

Гречушникова Л.А. – Қазіргі таңда Жылу орталығына жуғыш машиналар сатып алынды. Бұл тор-ұстағыштар канализацияның бітелуінің алдын алып, тұрғындарға көмектеседі. ОС мүшелерінен сұраймын – көпқабатты үйлердің тұрғындарына да осындай торларды орнатуды ұсынуды.

Оконешников И.Г. – Коммуналдық қызметтерге төлем жалақы түскен сәттен автоматты түрде ұсталып тұратын функцияны енгізу керек.

Комарова А.И. – Сот орындаушылары бұл мәселелермен айналысып, коммуналдық қызметтерді төлемегендерді әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуы тиіс. Қазіргі уақытта олар не істеді, қандай нәтиже бар – соны сұрауымыз керек.

Оконешников И.Г. – Әкімшілік айыппұлдар бюджетке түседі, бірақ коммуналдық қарыздар тек өсіп жатыр.

Игнашин Н.Е. – Кәсіпорын жылыту маусымында қалай жұмыс істейді? Жұмыс кестесі жасалды ма?

Оконешников И.Г. – Қазандықтар жұмысқа дайын.

Гречушникова Л.А. – ОЭСК-де апаттық бригадалар жоқ. Бірнеше көше тұрғындары жарықсыз отырды. Бұл мәселені қарау керек. Тариф өсіп жатыр, ал электр желілеріне инвестиция салынбай жатыр.

Карагужина Р.Р. – Келесі отырысқа ОЭСК өкілін шақырып, тыңдау керек.

Игнашин Н.Е. – Алтай қаласы әкімінің аппараты мен ТКШ бөлімі қазандықтар мен өмірді қамтамасыз ететін нысандардың жылыту маусымына толық дайындығын тексеруі тиіс.

Девяткина Л. – Жаңа Бұқтармада қашан ыстық су беріледі?

Оконешников И.Г. – Жылыту маусымына қарай қосылады.

Үшінші сұрақ бойынша:

Охременко С.В. – Биыл бюджетте 10 метрлік жасанды шырша сатып алу қарастырылған. Бұл сомаға шыршаны құрастыру, монтаждау жұмыстары да кіреді. Сондай-ақ Рудная көшесі 38, 40, 42 мекенжайларында аула жөндеу жұмыстары жүргізіледі – су ағызу, асфальт төсеу немесе жолға қиыршық тас төгу. Конкурс процедуралары жүріп жатыр. Лермонтов көшесінде де аулаларды жақсарту жұмыстары жүргізіледі. Бірінші қабатты жауып, консервациялаймыз.

Гречушникова Л.А. – Лермонтов көшесіндегі 15 пәтерге қатысты құрылыс басқармасына депутаттық сұраныс жолданды. Жамбыл көшесінде өрт сөндіру бөлімі салынады. Сол 15 пәтерді өрт сөндірушілерге тұрғын үй ретінде беруге болады.

Охременко С.В. – Алтайская, Монтажная көшелері мен Карьерный тұйығында су құбыры жұмыстары, шұңқырларды жауып, шалшық судың алдын алу үшін жұмыстар жүргізіледі.

Игнашин Н.Е. – Щетникова көшесінде жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр ма?

Охременко С.В. – Жұмыс жоспарына енгізілген.

Сулейменов Б. – Матросова көшесінің тұрғындары да жол мәселесіне шағымдануда. Жаңбырлы күндері шалшық су жиналады, шұңқырларды жабу керек.

Комарова А.И. – Космонавтов көшесі 17/1 үйдің жертөлесінде су жиналады, жаңбырдан кейін жолдарда су деңгейі бордюрден асып кетеді. Жертөле мен аумақты су баспау үшін су ағызу жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Охременко С.В. – Иә, судың жерге сіңіп кетуі үшін дренаж жұмыстарын жүргізу қажет.

Попова Л.В. – Каюпов көшесінде ағымдағы немесе орташа жөндеу жұмыстары жоспарланған ба?

Охременко С.В. – Бұрын 63 үйде жөндеу қажет еді, қазір бұл сан 74-ке жетті. Жөндеуді кешенді түрде, бір шағын ауданнан 4–5 үйді қамти отырып жүргізу қажет.

Гречушникова Л.А. – Бұктарминская көшесінде тұрғындар өз бастамасымен шұңқырларды топырақпен толтырып, үйеңкі ағаштарын кесуде. «Василёк» дүкенінен төмен қарай қиыршық тас төселгенімен, жол жағдайы жақсармады. Толыққанды төсеу және грейдерлеу қажет.

Игнашин Н.Е. – Ауданда «көпір құлау» мәселесі басталды – көптеген көпірлердің пайдалану мерзімі өтіп кеткен, жарықтар мен шайылу белгілері байқалады. Маман шақырып, смета жасақтап, жедел шара қолдану қажет. Барлық көпірлерді тексеруді ТКШ бөліміне тапсыру керек.

Гречушникова Л.А. – Бұрын көпірлердің жағдайына қатысты тиісті мекемелерге хат жолданған болатын. Бірақ техникалық жағдайының нашарлауына байланысты қайтадан хат жолдап, жедел шаралар қабылдау қажет.

Охременко С.В. – Рабочая көшесінде көпірлерге тексеру жүргізілді, бірақ сметалық құжаттар дұрыс жасалмаған. Келесі жылға Малосемейка, Тимофеева және Бажова көшелеріндегі көпірлер жоспарға енгізілді. Биыл Гастелло мен Рудная көшелерінде жұмыстар жүргізілуде.

Комарова А.И. – Комарова көшесіндегі көпірлерді кім тазартады?

Охременко С.В. – Қысқы жолдарды ұстау бойынша мердігер ұйымдар.

Игнашин Н.Е. – Аудандағы барлық көпірлердің техникалық жағдайын бағалау үшін паспортизация жүргізу қажет. Сондай-ақ ВКРЭК-ті инвестициялық жобаларға қанша қаражат бөлінетіні және қандай көлемде инвестиция тартылатыны туралы тыңдау керек.

Төртінші сұрақ бойынша:

Карагужина Р.Р. – Жоба бойынша сұрақтар бар ма?

Комарова А.И. – Жоқ.

Карагужина Р.Р. – Егер сұрақтар болмаса, келесі сұраққа көшеміз.

Бесінші сұрақ бойынша:

Карагужина Р.Р. – Бұл сұрақ бойынша сұрақтар бар ма?

Дузбаева А.Ж. – Жоқ.

Карагужина Р.Р. – Егер жоқ болса, күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды, баршаңызға алғыс білдіремін.

Алтай ауданының қоғамдық кеңесінің отырысының қортындысы бойынша
ШЕШТІ:

1. Алтай ауданының мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарындағы тамақтану сапасы туралы ақпарат (бақылау қаншалықты жиі жүргізіледі, сынамалар алу, мектеп ұйымдарында бөлек тамақтанатын оқушыларға арналған тамақтану орындарының ұсынылуы) **назарға алынсын.**
2. Алтай ауданында 2025–2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындықтың қорытындылары туралы ақпарат **назарға алынсын.**
3. Алтай ауданы мәслихатының «2025–2026 жылдарға арналған Алтай қаласының бюджеті туралы» жобасы **осы редакцияда бекітілсін.**
4. Алтай ауданының елді мекендерінің шекараларын белгілеу және өзгерту бойынша жерге орналастыру жобаларын қарастыру **назарға алынсын.**
5. Алтай ауданы бойынша жергілікті атқарушы органдарда 2025 жылдың 8 айында көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы есеп **қанағаттанарлық деп есептелсін.**

ҰСЫНЫЛАДЫ:

1. Алтай ауданының білім бөлімі басшысы **Канафина Б.К.** Оқушылар мен ата-аналардың тамақтану сапасы мен ассортиментіне қатысты пікірін ескеру үшін кері байланыс жүйесін енгізіп, сондай-ақ мектеп асханаларында пайдаланылатын өнімдер мен дайын тағамдардың сапасына тұрақты түрде мониторинг жүргізісін.

Мерзімі – тұрақты.

2. Алтай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы **Жуанганов К.А.** Жылыту маусымының басталуына дейін жылу желілері мен жабдықтарын уақтылы және мұқият дайындауды қамтамасыз етсін, оның ішінде қазандықтарды, құбырларды, радиаторларды тексеру және жөндеу жұмыстарын жүргізісін.

Мерзімі – тұрақты.

3. Алтай ауданының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы **Куттубаева А.М.** Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша шекараларын, санаттарын және меншік түрлерін нақтылауды қоса алғанда, деректерді түгендеу және өзектендіру жұмыстарын жүргізісін. Жерді ұтымды әрі мақсатты пайдалану бойынша бақылауды күшейтсін.

Мерзімі – тұрақты.

4. Алтай қаласының әкімі **Охременко С.В.** Алтай қаласының бюджет қаражатын бюджет комиссиясының шешіміне сәйкес ұтымды және тиімді жоспарлап, бөлуді қамтамасыз етсін. Экономиканы дамыту мен инвестициялық жобаларға ерекше назар аударсын.

Мерзімі – тұрақты.

5. Цифрландыру, ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтерді мониторингтеу бөлімінің басшысы **Нуркасынова А.Ш.** Мемлекеттік қызметтердің сапалы көрсетілуін бақылап, осы бағытта оқыту семинарларын өткізсін.

Мерзімі – тұрақты.

Алтай ауданының қоғамдық кеңесінің төрағасы



Р. Карагужина

Протокол № 7
заседания Общественного совета района Алтай

г. Алтай

04.09.2025 г.
10-00 ч.

Присутствовали члены Общественного совета района Алтай:

Карагужина Р.Р.
Ахметкалиева А.Т.
Гончарова Г.В.
Дузбаева А.Ж.
Комарова А.И.
Попова Л.В.
Салиенко Н.Ю.
Хохлов Е.В.

Докладывающие:

Канафина Бахытгуль Калибековна – руководитель ГУ «Отдел образования района Алтай»

Оконешников Игорь Георгиевич – заместитель руководителя ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции района Алтай».

Куттубаева Айгуль Мухтаркановна – руководитель ГУ «Отдел сельского хозяйства, земельных отношений района Алтай».

Охременко Сергей Владимирович – аким города Алтай.

Нуркасынова Альмира Шангаевна – руководитель отдела цифровизации информационных технологий и мониторинга государственных услуг.

Приглашенные:

Гречушникова Л.А. – председатель маслихата района Алтай.

Повестка дня:

- 1) Качество питания в дошкольных и школьных учреждениях района Алтай (как часто проводится контроль, снимаются пробы Предоставление мест для организации питания, питающихся отдельно учеников в школьных учреждениях.)
- 2) Информация об итогах подготовки к отопительному сезону 2025-2026 годы в районе Алтай.
- 3) Рассмотрение землеустроительных проектов по установлению и изменению границ населенных пунктов района Алтай.
- 4) «О бюджете города Алтай на 2025-2027 годы»
- 5) Отчет отдела цифровизации, информационных технологий и мониторинга об оказанных государственных услуг в местных исполнительных органах по району Алтай за 8 месяцев 2025 года.

Выступили:

Канафина Бахытгуль Калибековна – руководитель ГУ «Отдел образования района Алтай»

Оконешников Игорь Георгиевич – заместитель руководителя ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции района Алтай».

Куттубаева Айгуль Мухтаркановна – руководитель ГУ «Отдел сельского хозяйства, земельных отношений района Алтай».

Охременко Сергей Владимирович – аким города Алтай.

Нуркасынова Альмира Шангаевна – руководитель отдела цифровизации информационных технологий и мониторинга государственных услуг.

По первому вопросу:

Акулова Н.Т. - Вы сказали, что теперь дети будут питаться по коду, как детям это усвоить?

Канафина Б.К. - Сейчас идет интеграция сразу в бухгалтерию. То есть ребенок проходит Face ID, и он уже будет вписан в базу данных как учащийся.

Гручушникова Л.А. – на данное время планируется добавить во всех школах социальную карточку семьи. Это помогает знать государству о доходах семьи и нужна ли им помощь.

Карагужина Р.Р. - То есть на каждого ребенка заведена отдельная база?

Канафина Б.К. - Да.

Акулова Н.Т. - Сколько в районе малокомплектных школ и как организовано в этих школах питание?

Канафина Б.К. – во всех малокомплектных школах кроме двух школах, это Путинцевская средняя школа и Орловская начальная школа, есть школьные столовые, но у нас в девяти школах есть буфетное питание.

По второму вопросу:

Салиенко Н.Ю. – сейчас информируют, что не подключат отопление пока не поставят решетки – ловушки в канализационные трубы?

Оконешников И.Г. – благодаря этим ловушкам мы увидим в каком подъезде, а также в какой квартире выбрасывается мусор в туалет. Это поможет предотвратить попадание мусора в канализацию.

Гречушникова Л.А. – на сегодняшний день купили промывочные машины для Теплоцентрали. Эти решетки- ловушки помогут жителям чтобы не забивалась канализация. Прошу членов ОС рекомендовать и другим жителям многоквартирных

домов, рекомендовать чтоб устанавливали решетки-ловушки в многоквартирных домах в целях улучшения жизни граждан города Алтай.

Оконешников И.Г. – надо включить функцию, чтобы оплата за коммунальные услуги вычитывались сразу с момента поступления заработной платы.

Комарова А.И. – судебные исполнители должны отрабатывать эти вопросы привлекать к административной, уголовной ответственности неплательщиков коммунальных услуг. Надо спрашивать с них что они предприняли на данное время, что было сделано, какие результаты есть.

Оконешников И.Г. – административные штрафы поступают в бюджет, но долг по коммунальным услугам лишь будет расти.

Игнашин Н.Е. – как предприятие будет работать в отопительный сезон составлялся ли график?

Оконешников И.Г. – котельные уже готовы к работе.

Гречушникова Л.А. – в ОЭСК нет аварийных бригад, жители нескольких улиц сидели без света, надо рассмотреть вопрос, тариф растет, а вложений по электросетям не видно.

Карагужина Р.Р. – надо пригласить ОЭСК представителя на ближайшее заседание, на заслушивание.

Игнашин Н.Е. – отдел ЖКХ, а также аппарат акима города Алтай должны проверить готовность котельных и жизни обеспечивающих объектов по полной мере на готовность к отопительному сезону.

Девяткина Л. – когда дадут горячую воду в Новой Бухтарме?

Оконешников И.Г. – к отопительному сезону включат.

По третьему вопросу:

Охременко С.В. – в этом году в бюджете запланирована покупка искусственной ели высотой 10 метров. В эту стоимость запланировано монтирование ели, сбор всех конструкций. А также по улице Рудная 38;40;42 в ближайшее время будут проводиться ремонтные работы касательно дворов. Такие как ремонтирование водоотводов, асфальтирование либо же засыпка дороги. Идут конкурсные процедуры. По улице Лермонтова также проведем работы по улучшению дворовых участков. Первый этаж заложим, законсервируем.

Гречушникова Л.А. - Направили депутатский запрос в управление строительства, по ремонту 15 квартир ул. Лермонтова. На улице Джамбула будет строиться пожарная часть. Эти 15 квартир можно выдать пожарникам для жилья.

Охременко С.В. – по улицам Алтайская, Монтажная, переулочек Карьерный, планируется проведение работ по водопроводу, а также засыпка ям чтобы предотвратить лужи.

Игнашин Н.Е. – по улице Щетникова не ведутся работы по ремонту дорог?

Охременко С.В. – заложено в план работы.

Сулейменов Б. – жители улицы Матросова жалуются также на дорогу. Надо засыпать ямы так как в дождливую погоду образуются лужи.

Комарова А.И. – В подвале по улице Космонавтов д. 17/1 скапливается вода, а после дождей на дорожках образуются лужи выше уровня бордюра. Необходимо организовать водоотведение, чтобы предотвратить затопление подвалов и прилегающей территории.

Охременко С.В. – да, надо провести работы по водоотведению для того чтобы вода уходила в землю и не скапливалась.

Попова Л.В. – Планируется ли в перспективе проведение текущего или среднего ремонта на улице Каюпова?

Охременко С.В. – Ранее ремонт требовался в 63 домах, сейчас их количество увеличилось до 74. Необходимо подходить к ремонту комплексно, охватывая по 4–5 домов в рамках одного микрорайона.

Гречушникова Л.А. – На улице Бухтарминская жители проявляют инициативу — самостоятельно засыпают и закладывают ямы, вырубают клен. Участок от магазина «Василёк» и вниз был засыпан щебнем, однако это не улучшило состояние дороги. Необходимо провести полноценную отсыпку и грейдирование для приведения дороги в надлежащее состояние.

Игнашин Н.Е. - В районе начался так называемый "мостопад" — срок эксплуатации многих мостов истёк, наблюдаются трещины и подмывы конструкций. Необходимо срочно привлекать специалистов для обследования, составления смет и принятия мер. Поручить ЖКХ организовать обследование всех мостов в районе.

Гречушникова Л.А. - По вопросу состояния мостов ранее уже направлялись письма в соответствующие инстанции. Однако, в связи с продолжающимся ухудшением их технического состояния, требуется повторное обращение и принятие срочных мер.

Охременко С.В. - По улице Рабочая было проведено обследование мостов, однако сметная документация оказалась не совсем корректной. На следующий год в план включены мосты по улицам Малосемейка, Тимофеева и Бажова. В текущем году работы ведутся по улицам Гастелло и Рудная.

Комарова А.И. - Кто отвечает за очистку мостов по улице Комарова?

Охременко С.В. – Подрядчики которые отвечают за зимнее содержание дорог.

Игнашин Н.Е. – Необходимо провести паспортизацию всех мостов в районе для оценки их технического состояния. Также следует заслушать ВКРЭК по вопросу инвестиций — какие средства планируются на вложения в рамках инвестиционных проектов и в каком объёме.

По четвертому вопросу:

Карагужина Р.Р. – имеются вопросы по проекту?

Комарова А.И. –нет.

Карагужина Р.Р. Если нет, переходим к следующему вопросу.

По пятому вопросу:

Карагужина Р.Р. – имеются вопросы по данному вопросу?

Дузбаева А.Ж. –нет.

Карагужина Р.Р. - Если нет, то все вопросы по повестке дня рассмотрены, спасибо всем за участие.

**По итогам заседания Общественный совет района Алтай
РЕШИЛ:**

- 1) Информацию о «Качество питания в дошкольных и школьных учреждениях района Алтай (как часто проводится контроль, снимаются пробы Предоставление мест для организации питания, питающихся отдельно учеников в школьных учреждениях.)» **принять к сведению.**
- 2) Информация об итогах подготовки к отопительному сезону 2025-2026 годы в районе Алтай, **принять к сведению.**
- 3) Проект маслихата района Алтай «О бюджете города Алтай на 2025-2026 годы» **утвердить в данной редакции.**
- 4) Рассмотрение землеустроительных проектов по установлению и изменению границ населенных пунктов района Алтай, **принять к сведению.**
- 5) Отчет государственных услуг, оказанных в местных исполнительных органах по району Алтай за 8 месяцев 2025 года. **Считать удовлетворительным.**

РЕКОМЕНДОВАНО:

1. Руководителю ГУ «Отдел образования района Алтай» Канафиной Б.К. Ввести систему обратной связи, чтобы учитывать мнение учеников и родителей о качестве и ассортименте питания, а также провести регулярный мониторинг качества продуктов и готовых блюд, используемых в школьных столовых.

Срок - постоянно.

2. Руководителю ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции района Алтай» Жуанганову К.А. провести своевременную и тщательную подготовку тепловых сетей и оборудования к началу отопительного сезона, включая проверку и ремонт котельных, трубопроводов, радиаторов.

Срок - постоянно.

3. Руководителю ГУ «Отдел сельского хозяйства, земельных отношений района Алтай Куттубаевой А.М. Провести инвентаризацию и актуализацию данных о землях сельскохозяйственного назначения, включая уточнение границ, категорий и форм собственности. Усилить контроль за рациональным и целевым использованием земель.

Срок - постоянно.


4. Акиму города Алтай Охременко С.В. рационально, эффективно распределять и планировать бюджетные денежные средства города Алтай, в соответствии с решением бюджетной комиссии. Обратить внимание на развитие экономики и инвестиционных проектов.

Срок- постоянно

5. Руководителю отдела цифровизации информационных технологий и мониторинга государственных услуг Нуркасынова А.Ш. контролировать, проводить обучающие семинары по оказанию качественных государственных услуг.

Срок- постоянно

Председатель Общественного совета
района Алтай



Р. Карагужина